# BULANDY AQPARAT

БҰЛАНДЫ АУДАНЫ

№ 23 (525)
12.06.2026

Аудандық қоғамдық-саяси газет
Районная общественно-политическая газета


## Мемлекеттік рәміздер – ұлттық құндылығымыз

Мемлекеттік рәміздер - еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігінің басты айшықтары. Ту, Елтаңба және Әнұран – Қазақстан Республикасының біртұтас рухын, тарихын және болашаққа деген сенімін бейнелейтін қасиетті нышандар. Бұл рәміздер әрбір азаматтың елге деген құрметі мен патриоттық сезімін қалыптастыруда ерекше орын алады.

Осыған орай ауданымызда Мемлекеттік рәміздер күні аталып өтті. Шара барысында Мемлекеттік Ту көтеріліп, Әнұран салтанатты түрде орындалды. Бұл сәт жиналған қауым үшін ерекше толқыныс пен мақтаныш сезімін ұялатты.



Іс-шараға мемлекеттік қызметшілер, қоғамдық ұйымдар басшылары, депутаттар және жастар белсене қатысты. Олар елдік рухты нығайтуға бағытталған осындай игі бастамалардың маңыздылығын атап өтті.

Аудан әкімі Ардақ Смайылов қатысушыларды мерекемен құттықтап, ел игілігі жолында атқарған еңбегі үшін бірқатар азаматтарға ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлестері үшін Алғыс хаттар табыс етті.

Сондай-ақ жас мемлекеттік қызметшілер салтанатты түрде ант қабылдап, елге адал қызмет етуге, заңдылық пен әділдік қағидаттарын сақтауға уәде берді. Бұл рәсім олардың кәсіби жолындағы маңызды қадам болып табылады.

Мерекелік іс-шара Мемлекеттік рәміздерге деген құрметті арттырып, қатысушылардың патриоттық рухын одан әрі нығайтты.

**А. АМАНЖОЛОВА.**




## Жас еріктінің еңбегі бағаланды

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күнін мерекелеу аясында өңірдің дамуына және өскелең ұрпақты тәрбиелеуге елеулі үлес қосып жүрген азаматтарды марапаттаудың салтанатты рәсімі өтті.



Белсенді азаматтық ұстанымы, патриоттық құндылықтарды дәріптеуге және еріктілер қозғалысын дамытуға қосқан жеке үлесі үшін Бұланды ауданы Әкімінің Алғыс хатымен Руслан Васильевич Отыншин – Бұланды ауданы Жастар ресурстық орталығының еріктілер қозғалысының белсендісі марапатталды.

Бұл марапат – Руслан Васильевич пен ЖРО еріктілер командасының туған өлкенің игілігі үшін күнделікті атқарып жүрген, қажырлы еңбегінің жоғары бағалануының айғағы. Руслан Васильевичті лайықты марапатымен құттықтаймыз және ауданның еріктілер корпусына жаңа табыстар, сарқылмас қуат пен барлық игі жоспарлардың іске асуын тілейміз!

**Бұланды аудандық Жастар ресурстық орталығы.**

## Табиғат – адамзаттың ортақ үйі



Эколог күні мен Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні – табиғатты қорғау, қоршаған ортаның тазалығын сақтау және экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған маңызды даталар. Бұл күндер қоғамды ортақ жауапкершілікке шақырып, табиғатқа деген жанашырлық көзқарасты нығайтуға ерекше серпін береді. Табиғат – адамзаттың ортақ үйі, ал оны аялау – әрбір азаматтың парызы.

Осы мерекелік күндер аясында аудан көлемінде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы шеңберінде экологиялық акция ұйымдастырылды. Іс-шараның негізгі мақсаты – қоршаған ортаны қорғау, тазалықты сақтау мәдениетін қалыптастыру және тұрғындардың экологиялық жауапкершілігін арттыру болды.

Акция орталық алаңда басталып, оған мемлекеттік қызметшілер, жастар, қоғамдық ұйым өкілдері және белсенді тұрғындар жиналды. Шара барысында аудан басшысы Ардақ Смайылов жерлестерді Экологтар күнімен құттықтап, табиғатты қорғау – тек бір күндік науқан емес, ол күнделікті өмір салтына айналуы тиіс екенін атап өтті. Сондай-ақ ол қоршаған ортаны аялауға, тазалықты сақтау мәдениетін қоғам болып қалыптастырудың маңыздылығына тоқталды.



Аудан басшысы өз сөзінде табиғатты таза ұстау – келер ұрпақ алдындағы жауапкершілік екенін айтып, әрбір тұрғынды туған өлкенің тазалығына бейжай қарамауға шақырды. Экологиялық мәдениет ең алдымен отбасы мен білім беру орындарынан басталатыны, кейін қоғамда кеңінен қалыптасатыны ерекше атап өтілді.

Шараның жалғасы ретінде қатысушылар бекітілген аумақтарға бөлініп, тазалық жұмыстарын жүргізді. Аулалар, көшелер мен қоғамдық орындар қоқыстан тазартылып, қоршаған ортаны көркейтуге бағытталған нақты істер атқарылды.

Мұндай экологиялық акциялар тек аумақты тазартумен шектелмей, тұрғындардың табиғатқа деген көзқарасын өзгертіп, экологиялық мәдениеттің қалыптасуына ықпал етеді. Тазалықты сақтау – бір реттік шара емес, ол күнделікті дағдыға айналғанда ғана қоршаған орта шынайы қорғалады.

Аудан тұрғындарының белсенділігі мен бірлігі бұл бастаманың маңызын арттырып, «Таза Қазақстан» идеясын жүзеге асыруға үлкен үлес қосты.

## Забота о природе – это общая ответственность каждого



День эколога и Всемирный день охраны окружающей среды - важные даты, направленные на привлечение внимания общества к вопросам защиты природы, сохранения окружающей среды и формирования экологической культуры. Эти дни напоминают о том, что забота о природе - это общая ответственность каждого человека и важная составляющая устойчивого развития общества.

В рамках этих дат в районе была организована экологическая акция в рамках общенациональной инициативы «Таза Қазақстан». Основная цель мероприятия — охрана окружающей среды, формирование культуры чистоты и повышение экологической культуры населения.

Акция началась на центральной площади, где собрались государственные служащие, молодёжи, общественных организаций и жители района. В ходе мероприятия аким района Ардак Смаилов поздравил земляков с Днём эколога и подчеркнул важность бережного отношения к природе и поддержания чистоты окружающей среды. Он отметил, что экологическая культура должна стать неотъемлемой частью повседневной жизни каждого гражданина.

Также было подчеркнуто, что забота об окружающей среде - это не разовая акция, а постоянная работа и образ жизни. Чистота и порядок отражают уровень культуры общества и его гражданскую ответственность.

Во второй части мероприятия участники были распределены по закреплённым участкам и приступили к работам по уборке территории. Были очищены общественные пространства, проведены работы по благоустройству.

Подобные экологические акции не только способствуют улучшению санитарного состояния территорий, но и формируют у населения бережное отношение к природе и экологическое сознание. Культура чистоты - важный показатель развитого и ответственного общества.

Активное участие жителей района стало вкладом в реализацию инициативы «Таза Қазақстан» и ещё раз подтвердило значимость совместных усилий в деле сохранения окружающей среды.

**А. АМАНЖОЛОВА.**



# БЕЛСЕНДІ ЖАСТАР – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ

## Үлкенге құрмет – ұрпаққа міндет



Жақсылық жасау көп сөзді қажет етпейді, ол нақты істермен көрінеді. «Жасыл ел» еңбек жасағының сарбаздары Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен ерекше қайырымдылық акциясын өткізіп, үлкенге құрмет пен ізеттіліктің жарқын үлгісін көрсетті.

Жастар биыл 100 жасқа толып отырған, жалғыз тұратын тыл еңбеккері Ахметшина Рашида апайдың шаңырағына арнайы барып қайтты. Бір ғасырлық ғұмыр кешіп, соғыстың ауыр кезеңдерін бастан өткеріп, елдің өркендеуі жолында аянбай еңбек еткен ардақты жанның өмір жолы – кейінгі ұрпақ үшін өнеге мен тағылымға толы.

Акция барысында «Жасыл ел» жасағының сарбаздары аула аумағын тазалап, ретке келтіріп, түрлі шаруаларға қолғабыс етті. Жастардың ұйымшылдығы мен еңбекқорлығының арқасында



аула абаттандырылып, айнала таза әрі жинақы күйге келтірілді. Мұндай игі бастама қарттарға қолдау көрсетіп қана қоймай, жастардың бойындағы адамгершілік пен жауапкершілік қасиеттерін нығайтуға да ықпал етеді.

Рашида апай көрсетілген қамқорлық пен жылы лебізге ерекше ризашылығын білдіріп, жастарға ақ батасын берді. Ол олардың еңбексүйгіштігіне, үлкенге деген құрметіне және шынайы жанашырлығына тәнті болғанын жеткізді.

Осындай игі шаралар ұрпақтар сабақтастығын нығайтып, қоғамда мейірімділік пен өзара қолдаудың маңызын арттыра түседі. Үлкенге құрмет көрсету – халқымыздың асыл дәстүрі, ал осы дәстүрді жалғастырып жүрген жастардың еңбегі әрдайым құрметке лайық.

* * *

## Рәміздер күніне арналған дөңгелек үстел

Мемлекеттік рәміздер күнін мерекелеу аясында орталық аудандық кітапханада дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Шараның басты мақсаты - өскелең ұрпақтың бойында отансүйгіштік сезімді



ұялату, еліміздің тарихы мен дәстүрлеріне деген құрметті нығайту болды.

Кездесудің құрметті қонақтары ретінде жергілікті ерiктілер қозғалысының өкілдері мен «Жасыл ел» еңбек жасағының сарбаздары қатысты. Дөңгелек үстел барысында қатысушылар Елтаңба, Ту және Әнұранның шығылу тарихын, олардың терең символикалық мәні мен әрбір азамат үшін маңыздылығын талқылады. Жастар отансүйгіштік ұғымының өздері үшін қандай мағына беретінін айтып, еріктілер мен «Жасыл ел» мүшелері ретінде Отанымыздың гүлденуіне қандай үлес қоса алатындары туралы ойларымен белсенді бөлісті. Кездесу соңында кітапхана қызметкерлері тақырыптық викторина өткізіп, жастар өз білімдерін паш етті.

«Мұндай кездесулер мемлекеттік рәміздердің жай ғана ресми белгілер емес, бүкіл халықты біріктіретін баға жетпес мұрамыз екенін тағы бір мәрте еске салады», — деп атап өтті шараны ұйымдастырушылар.

* * *

## Бірлігіміз жарасқан: «Таза Қазақстан» акциясы қарқынды жүруде!



Экологтар күні аясында Бұланды ауданында ауқымды сенбілік өтті. Бұл жолы тазалық жұмыстары жаңа саябақ аумағында және Каменный Карьер кентінде жүргізілді.



Акция қатысушылары нағыз ауызбіршіліктің үлгісін көрсетті. Туған өлкенің тазалығы үшін иық тіресе бірге еңбек еткендер: «Жасыл ел» жастар еңбек жасағының сарбаздары; аудандық және қалалық әкімдіктердің бөлім қызметкерлері.

Бірлескен күш-жігердің арқасында 50-ден астам қап қоқыс жиналды! Игі істен шет қалмай, ортақ үйімізді абаттандыруға өз үлесін қосқан барша жанға алғыс білдіреміз.

* * *

## Ақпараттық акция



Жастар ресурстық орталығы Аудандық полиция бөлімінің қызметкерлерімен бірлесіп, жастар арасында нашақорлық пен есірткі қылмысының алдын алу бойынша көшеде ақпараттық акция өткізді.

Ұйымдастырушылар қазіргі заманның өзекті мәселесі туралы тұрғындармен ашық сөйлесу, қауіпті мифтерді сейілту және жасөспірімдерге олардың бостандығынан айырылуына әкеп соғуы мүмкін жауапкершілік туралы ескерту үшін қала көшелеріне шықты. Бүгінгі таңда есірткі бизнесі толығымен онлайн форматқа көшті. Наркошоп ұйымдастырушылары енді тұтынушыларды таса жерлерден іздемейді — олар біздің балаларымызды әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы арбап, ажал қаупін «оңай табыс» және «зиянсыз ләззат» ретінде бүркемелеп ұсынады.

Міне, дәл осы себепті ЖРО мен АПБ күш біріктірді. Акцияның міндеті — жай ғана парақшалар тарату емес, әрбір адамның жүрегіне жеткізу, жастарға дұрыс бағыт-бағдар беру, ал ата-аналарға нақты іс-қимыл алгоритмін ұсыну.

**Бұланды аудандық жастар ресурстық орталығы.**



## Мұхтар Әуезов – әдебиет пен ғылымның көшбасшысы



Мухтар Әуезовтің 100 жылдығына орай Модельді балалар кітапханасының мамандары «Мұхтар Әуезов — әдебиет пен ғылымның көшбасшысы» атты әдеби сағат өткізді. Іс-шараға №2 жалпы білім беретін мектептің 5 «Б» сынып оқушылары қатысты. Іс-шара барысында кітапханашы оқушыларды Мұхтар Әуезовтің өмірбаяны және шығармашылығымен таныстырып, оның қазақ әдебиеті мен ғылымының дамуына қосқан зор үлесі туралы әңгімеледі. Ерекше назар «Абай жолы» роман-эпопеясына аударылды, ол қазақ әдебиетінің көркемті туындыларының бірі болып табылады. Оқушылар жазушы шығармаларын талқылауға белсенді қатысып, викторина сұрақтарына жауап берді, шығармаларынан үзінділер оқып, іс-шараға дайындалған кітап көрмесімен танысты.

Әдеби сағат танымдық әрі шығармашылық атмосферада өтіп, оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын және Қазақстанның мәдени мұрасына деген құрметін арттыруға ықпал етті.

**Ж. ҚАЛИЕВА, Модельді балалар кітапханасының маманы.**

## Отдыхают дети в «Достық»

Каждое утро спешат мальчики и девочки в пришкольный лагерь «Достық», организованный при Макинской школе-гимназии. Составлен перспективный план школы летнего оздоровительного лагеря. Цель: организация полезного, интересного и безопасного летнего отдыха для детей, укрепление здоровья, развитие творческих способностей учащихся, экологических качеств через познавательные, творческие, спортивные и оздоровительные мероприятия.





Ежедневно проводится сбор отрядов, утренняя физзарядка, веселые упражнения под музыку на свежем воздухе. Торжественные мероприятия, общелагерные линейки проводятся на специально оборудованной площадке.

- Лагерь своевременно был подготовлен к приему детей. Здесь отдыхают в пределах 50 учащихся 2-6 классов. Для детей выделен и красочно оформлен зал, приобретены необходимый спортинвентарь, настольные игры, игрушки, аппликации для рисования. Каждый день, прожитый в лагере – это время общественно-полезного труда, спортивных соревнований, интересных путешествий, веселых подвижных игр, – говорит начальник лагеря О. В. Пучек.

Под контролем опытных педагогов Н. С. Бархатовой, А. В. Мухиной, М. О. Байкеновой и А. М. Жанабековой дети овладевали элементарными приемами ручного труда. Из цветной и картонной бумаги самостоятельно делали формы различных предметов зверей, животных и птиц. Проводились беседы по правилам дорожного движения, по интернациональной дружбе народов РК, патриотизме и в мире прекрасного.

Все здесь радует ребят. Занятие с логопедом, языковые часы по казахскому и английскому языкам. Проводится музыкальное развитие детей. Под руководством музыкального руководителя К. В. Лебединской состоялся концерт детского творчества – выступление учащихся песнями, стихами, танцами. Проведен конкурс рисунков на асфальте, оформление отрядов, тренды тик-ток, «Пусть всегда будет солнце» - фестиваль национальных игр, викторина о животных, флешмоб.

Проведен день символов с гербом, гимном и флагом, и исполнен Гимн РК, организована выставка рисунков «Красота родного края». Воспитательные мероприятия проводятся в духе уважения и любви к труду. Ребята убирают мусор на игровой, спортивной площадках, наводят порядок в зале, протирают пыль и таким образом создают чистоту в зале и во дворе. В столовой организованно питание. В меню ежедневно включают разнообразные блюда, в него входят мясные продукты и свежие овощи.

Впереди детей ждут дни охраны природы, здоровья, юного патриота, беседы по правилам спасения на воде, увлекательные экскурсии на природу, музей и библиотеку. Дирекция, школьные учителя и родители приложили немало усилий для того, чтобы организовать интересный, полезный отдых детей.

**Т. ЖУСУПБЕКОВ.**





# ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ – ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ

## Мемлекеттік тілді меңгеру – уақыт талабы







Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру мақсатында Бұланды ауданының «Тілдерді оқыту» орталығында «ҚазТест» жүйесі арқылы диагностикалық тестілеу және I жартыжылдықты қорытындылау бойынша аралық сынақ өткізілді.

Аталған шара тыңдаушылардың мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін анықтауға, білім сапасын бағалауға және тілдік дағдыларын одан әрі жетілдіруге бағытталды. Тестілеу барысында қатысушылар қазақ тілін меңгерудегі жетістіктерін көрсетіп, өз білім деңгейлеріне талдау жасауға мүмкіндік алды.

Іс-шараға орталық басшысы Зандыбай Жайнарбек пен әдіскер Қуанышева Гүлнұр Асқарқызы қатысып, тыңдаушыларға сәттілік тіледі.

Бүгінде мемлекеттік тілдің қоғамдағы рөлі ерекше. Қазақ тілі – ел бірлігінің, ұлттық құндылықтардың және тәуелсіздіктің басты нышандарының бірі. Мемлекеттік тілді еркін меңгеру әр азаматтың қоғамдық өмірге белсенді араласуына, кәсіби дамуына және рухани кемелденуіне жол ашады.

«Тілдерді оқыту» орталығы аудан тұрғындарына мемлекеттік тілді оқыту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. Заманауи оқыту әдістері мен тиімді бағдарламалар арқылы тыңдаушылардың тілдік құзыреттілігін арттыруға ерекше көңіл бөлінуде. Өткізілген диагностикалық тестілеу мен аралық сынақ та осы жұмыстардың нәтижесін саралап, алдағы міндеттерді айқындауға мүмкіндік берді.

Қазақ тілін білу – заман талабы ғана емес, әр азаматтың ел алдындағы жауапкершілігінің көрінісі. Сондықтан баршаңызды мемлекеттік тілді үйренуге, оны күнделікті өмірде кеңінен қолдануға және оның дамуына өз үлестеріңізді қосуға шақырамыз. Тілге деген құрмет – Отанға деген құрмет.

**Т. ЖАНБУРШИНОВА, «Тілдерді оқыту орталығының» оқытушысы.**



## Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамымен OPENAI серіктестігінің алғашқы нәтижелері ұсынылды



Астанадағы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының кеңсесінде OpenAI компаниясы өкілдерінің қатысуымен кездесу өтті. Жиында қазақ тілін цифрлық кеңістікте дамытуға бағытталған бірлескен жобаның іске асу барысы мен алғашқы нәтижелері таныстырылды. Кездесуде қатысушылардың назарына көлемі 10 миллиардтан астам токеннен тұратын қазақ тілінің мәтіндік корпусы (Kazakh Text Corpus), 10 мың сағаттан асатын дыбыстық деректер қоры (Speech Corpus) және үлкен тіл модельдерін бағалауға арналған AI Evaluation Benchmark Suite жинағы ұсынылды.

Бұл ауқымды бастама 2025 жылғы 7 қарашада Вашингтонда Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы мен OpenAI арасында жасалған келісім аясында жүзеге асып жатыр. Жобаның басты мақсаты – сапалы цифрлық контент пен сенімді деректер қорын қалыптастырып, үлкен тіл модельдерінің қазақ тіліндегі жұмыс сапасын арттыру. Бүгінде бастама қазақ тілінің цифрлық экожүйесін дамытуға бағытталған маңызды жобалардың біріне айналды.

Жоба аясында жинақталған қазақ тілінің мәтіндік корпусының (Kazakh Text Corpus) көлемі 10 миллиардтан астам токенді құрады. Тілдік қор толықтай шынайы дереккөздерден алынып, терең тазартудан, жіктеуден және құпия мәліметтер сүзгісінен өтті, сондай-ақ қажетті метадеректермен құрылымданды.

Корпусқа қазақ тілінің тарихи даму кезеңдерін көрсететін мазмұнмен қатар, шетелдегі қазақ диаспораларының тілдік мұрасы да енді. Мұнда білім, ғылым, технология, экономика, құқық, медицина, тарих, этнография, медиа және балалар контенті толық қамтылған.

Сонымен қатар мәтінді оптикалық тану жүйесі (OCR) кирилл қарпіндегі қазақша мәтінді 99% дәлдікпен оқи алатынын көрсетті. Күрделі құрылымы беттер мен бағандарды талдауға арналған құжат құрылымын тану жүйесінің де (Layout Parsing) дәлдігі 99%-ға жетті. Екі жүйе де бір мезетте үлкен көлемдегі топтастырылған деректерді өңдей алады.

Жасанды интеллект жүйелерінің қазақ тілін меңгеру деңгейін тексеретін арнайы AI Evaluation Benchmark Suite бағалау жүйесі әзірленді.

Бұл жүйе үлкен тіл модельдерін бірнеше негізгі бағыт бойынша сынайды: мәтінді түсіну (Reading Comprehension), грамматика (Grammar), тілдің табиғилығы (Kazakh Language Naturalness), мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді қолдану (Proverbs & Idioms), академиялық аударма (Academic Translation), қазақ тілінен ағылшын тіліне аударатын көркем аударма (Literary Translation), балалар әдебиетінің аудармасы (Kids Literature Translation), қауіпсіздік (Safety) және этнографиялық білім (Ethnography). Қазіргі уақытта тоғыз бағыттың жетеуі толық дайын, ал Safety және Ethnography бөлімдері бойынша жұмыс аяқталуға жақын.

Бұл бағалау жүйесі ағылшын тілінен аударылмай, қазақ тілінің тілдік және мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ тілінде құрастырылды. Оның алғашқы қорытындысы бойынша мәтінді түсіну (Reading Comprehension) көрсеткіші – 76,89%, грамматика (Grammar) – 72,24%, мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді қолдану (Proverbs & Idioms) – 71,90% болды. Ал қазақ тілінің табиғилығы (Kazakh Language Naturalness) әзірге 23,08% деңгейінде. Аударма сегментінде жоғары нәтижелер тіркелді: академиялық аударма (Academic Translation) – 85,81%, көркем аударма (Literary Translation) – 86,46%, балалар әдебиетінің аудармасы (Kids Literature Translation) – 89,22%.

Жобаның аудиоқорына қазірдің өзінде 10 810 сағаттық аудио-материал жиналып, тазаланды. Оның ішінде 1000 сағаттық «алтын стандарт» деректер жиыны (Gold Standard Dataset) қолмен транскрипцияланып, сарапшылардың қатаң тексеруінен өтті. Деректердің 70%-дан астамы 44 кГц және одан жоғары жиілікте жазылған, ал қор толықтай табиғи сөйлеу үлгілерінен тұрады.

Қазіргі уақытта қазақ тіліндегі дыбысты мәтінге айналдыру (Speech-to-Text Models) үлгілерінің дәлдігі 92%-дан асады. Дегенмен, кейбір ЖИ жүйелерінің қазақ тілін қырғыз, татар, кейде түрік тілімен шатастырып алатын тұстары анықталды.

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы тіл модельдерінің қазақша сөйлеу қабілетін тексеретін Automatic Speech Recognition (ASR) бағалау бенчмаркін жасап жатыр. Ол сөздерді тану дәлдігін (WER), таңбаларды тану дәлдігін (CER) және түрлі тақырыптарды қамту деңгейін терең бағалауға мүмкіндік береді.

Алдағы уақытта қазақ тіліндегі дыбысты тану үлгілерінің дәлдігін 99%-ға дейін жеткізу жұмыстары жалғасады. Осы серіктестіктің аясында қазақ тілінде бұрын-соңды болмаған ауқымды мәтіндік және дыбыстық деректер қоры, жоғары дәлдіктегі цифрландыру құралдары және үлкен тіл модельдерінің сапасын бағалайтын кешенді инфрақұрылым жасалды. Бұл жұмыс қазақ тілінің цифрлық әлемдегі өрісін кеңейтіп, оның жасанды интеллект дәуіріндегі бәсекеге қабілетті тілдер қатарынан нық орын алуына жол ашады.

Анықтама:

OpenAI, Inc. - жасанды интеллект технологияларын зерттеу және дамытумен айналысатын американдық компания. Миссиясы - жасанды интеллект игілігін бүкіл адамзатқа тиімді жеткізу.

**Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының баспасөз қызметі.**

## Отбасы – діни экстремизмге қарсы иммунитеттің берік іргетасы

Қазіргі қоғам алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – жастарды деструктивті діни ағымдар мен экстремистік идеологиялардың ықпалынан қорғау. Бұл бағыттағы жұмыста мемлекеттік органдармен қатар отбасының да рөлі айрықша. Өйткені отбасы – тұлғаның дүниетанымы қалыптасатын, рухани және адамгершілік құндылықтар бойына сіңірілетін алғашқы әлеуметтік орта.

Діни экстремизм мен радикализм қоғамның тұрақтылығына, азаматтардың қауіпсіздігіне және ұлт бірлігіне қауіп төндіретін факторлардың бірі болып табылады. Мұндай теріс идеологиялардың алдын алу ең алдымен отбасы тәрбиесінен басталады. Себебі бала қоршаған ортаға деген көзқарасын, мінез-құлқын, өмірлік ұстанымдарын отбасында қалыптастырады.

Бүгінгі таңда интернет пен әлеуметтік желілердің кеңінен таралуы жастардың түрлі ақпарат көздеріне еркін қол жеткізуіне мүмкіндік беріп отыр. Алайда ақпарат кеңістігінде діни құндылықтарды бұрмалап түсіндіретін, қоғамға жат көзқарастарды насихаттайтын материалдар да кездеседі. Сондықтан ата-аналардың балаларының ақпараттық сауаттылығына көңіл бөліп, олармен тұрақты түрде ашық әңгімелесуі аса маңызды.

Отбасындағы өзара сенім мен сыйластық баланың сыртқы теріс ықпалдарға қарсы тұра алу қабілетін күшейтеді. Баланың ой-пікірімен санасу, оның сұрақтарына жауап беру және өмірлік қиындықтарды бірге талқылау – жат идеологиялардың ықпалына түсу қаупін азайтатын маңызды факторлар. Ата-ананың бала өміріне бейжай қарамауы, оның ортасын білуі және рухани дамуына көңіл бөлуі қауіптің алдын алуға ықпал етеді.

Сонымен қатар діни сауаттылық мәселесіне ерекше назар аудару қажет. Діннің шынайы мәнін түсіну, оның бейбітшілікке, мейірімділікке және адамгершілікке негізделгенін білу жастардың түрлі радикалды идеяларға сыни тұрғыдан қарауына мүмкіндік береді. Осы ретте дәстүрлі құндылықтарды, ұлттық салт-дәстүрлерді және қазақстандық қоғамның бірлік пен келісім қағидаттарын дәріптеудің маңызы зор.

Қазақстан Республикасында конфессияаралық келісім мен қоғамдық тұрақтылық мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Бұл құндылықтарды сақтау әрбір азаматтың, әрбір отбасының ортақ міндеті. Отбасында патриотизмді, заңға құрметті, жауапкершілік пен толеранттылықты қалыптастыру арқылы қоғамның қауіпсіздігі мен тұрақтылығын нығайтуға болады.

Қорытындылай келе, отбасы – діни экстремизм мен радикализмнің алдын алудағы ең маңызды қорғаныс тетігі. Берік отбасы құндылықтары, сапалы тәрбие, рухани байлық пен діни сауаттылық жастардың теріс идеологияларға қарсы иммунитетін қалыптастырады. Сондықтан әрбір ата-ана бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарап, оның бойына адамгершілік, ізгілік және отансүйгіштік қасиеттерді сіңіруге күш салуы қажет.

Ақмола облысында да деструктивті діни ағымдардың алдын алу, халықтың діни сауаттылығын арттыру және конфессияаралық келісімді нығайту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Бұл бағыттағы іс-шаралардың нәтижелі болуы отбасы институтының беріктігіне және қоғамның ортақ жауапкершілігіне тікелей байланысты.

**М. САЙРАН, Ақмола облысы Дін істері басқармасының «Конфессияаралық қатынастарды талдау және даму орталығы» Мониторинг және қарсы насихат бөлімінің басшысы.**

## Лето, солнце, сто фантазий: «Библио-Дартс»



В солнечный летний день, в селе Ивановка, на свежем воздухе состоялось яркое и увлекательное мероприятие для детей – «Лето, солнце, сто фантазий», организованное Ивановской сельской библиотекой.

Дети активно участвовали в творческих мастер-классах, слушали короткие увлекательные истории и просто наслаждались летним днем на природе. Мероприятие подарило им массу положительных эмоций, смеха и новых впечатлений.

«Лето, солнце, сто фантазий» показало, как легко совместить отдых, творчество и любовь к книгам. Организаторы уверены, что такие события помогают детям развивать фантазию, внимание и желание узнавать новое, делая лето ярким и незабываемым.

Игра «Библио-Дартс» стала символом этого дня – радости, творчества и веселья, летящего вместе с солнечным светом.

**Н. КАВЕРИНА, библиотекарь Ивановской сельской библиотеки.**

# БӘРІНЕ ОРТАҚ ҚОҒАМ – ОБЩЕСТВО, РАВНОЕ ДЛЯ ВСЕХ

## МЕЙІРІМ МЕН ҚАМҚОРЛЫҚҚА ТОЛЫ МЕРЕКЕ

Балаларды қорғаудың халықаралық күні - жай ғана мереке емес. Бұл күн қоғамда әрбір баланың бақытты балалық шаққа құқығы бар екенін, олардың жан-жақты дамуына жағдай жасау қажеттігін еске салады. Әсіресе ерекше қажеттіліктері бар балаларға қамқорлық көрсету, оларға қолдау білдіру және қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінуіне мүмкіндік жасау - баршамыздың ортақ міндетіміз.

Осы мерекеге орай Бұланды ауданының жұмыспен қамту



және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің үй жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының ұжымы, орталық басшысы Мұрат Исмағамбетовтың жетекшілігімен, ерекше балалар мен олардың ата-аналары үшін жарқын да әсерлі мерекелік шара ұйымдастырды.

Мерекелік іс-шара Макинск қаласындағы жаңа саябақта өтті. Балалар мен олардың ата-аналары үшін түрлі ойындар, қызықты байқаулар, би бағдарламалары мен көңілді жарыстар ұйымдастырылып, көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Шуақты ауа райы мерекенің сәнін келтіріп, балалардың шат күлкісі мен қуанышты жүздері бұл күннің ерекше өткенін айқын көрсетті.

Таза ауада асыр салып ойнаған балалардың тәбеті ашылып, оларды тағы бір жағымды тосын сый күтіп тұрды. Арнайы бөлінген автобуспен мерекеге қатысушылар кәсіпкер Қанат Құсайынов басқаратын «1+1» кафе-пиццериясына жеткізілді. Мұнда балаларға дәмді тағамдар мен жаңа піскен тәтті тоқаштардан мол дастарқан жайылды. Кәсіпкердің қонақжайлығы мен балаларға қуаныш сыйлауға деген ықыласы әлеуметтік жауапкершіліктің және азаматтық жанашырлықтың жарқын үлгісі болды.

Мереке тек ойын-сауық бағдарламасымен ғана шектелген жоқ. Балалардың әрқайсысына ерекше көңіл бөлініп, жеміс-жидектер мен сыйлықтар табысталды. Сонымен қатар белсенділік танытып, түрлі жетістіктерге жеткен балалар Алғыс хаттармен марапатталды. Денсаулық жағдайына байланысты мерекеге келе алмаған балалар да назардан тыс қалмады. Орталық қызметкерлері олардың үйлеріне барып, мерекемен құттықтап, сыйлықтарын табыс етті. Бұл - ешбір баланың қамқорлықсыз қалмайтынының айқын дәлелі.

Бүгінде мемлекет ерекше қажеттіліктері бар балаларды және олардың отбасыларын қолдау мәселесіне айрықша көңіл бөліп келеді. Елімізде инклюзивті қоғам қалыптастыруға, білім беру






мен медициналық қызметтердің қолжетімділігін арттыруға, әлеуметтік қорғау шараларын жетілдіруге бағытталған түрлі бағдарламалар жүзеге асырылуда. Алайда мемлекеттік қолдаумен қатар қоғамның да рөлі зор. Өйткені ерекше балалардың өміріндегі ең үлкен қуаныштардың бірі - адамдардың шынайы қамқорлығы, жылы қарым-қатынасы мен жанашырлығы.

Кейде балаларға қымбат сыйлықтардан гөрі қарапайым жылы сөз айту, шынайы күлкі сыйлау, аз ғана көңіл бөлу немесе мейірімге толы алақан жаю әлде қайда маңызды. Осындай сәттер олардың жүрегіне қуаныш сыйлап, өздерін қоғамға қажет әрі бағалы сезінуге көмектеседі. Әрбір игі іс, әрбір ізгі ниет балалардың өмірін жарқын етіп, болашаққа деген сенімін нығайтады.

Мұндай ауқымды мерекенің жоғары деңгейде өтуіне көптеген жанашыр азаматтар өз үлестерін қосты. Ата-аналар орталық басшысы Мұрат Исмағамбетовке, кеңесші Гүлдана Мұқановаға, іс жүргізуші Айнагүл Данияроваға, сондай-ақ, әлеуметтік қызметкерлер Светлана Филипьева мен Салтанат Қаскеноваға балаларға деген қамқорлығы, жауапкершілігі және мерекені жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін шынайы алғыстарын білдірді.

Шараны ұйымдастыруға аудандық мәдениет үйінің директоры, аудандық мәслихат депутаты Әлішер Кенжегалиев те елеулі үлес қосты. Ол мерекеге қатысушыларды тасымалдау үшін көлік ұсынып, балалар мен ата-аналардың қауіпсіз әрі жайлы қатынауына жағдай жасады. Қатысушылар сапар барысында жүргізушінің де сыпайылығы мен адамгершілігін ерекше атап өтті.

Сонымен қатар мерекенің табысты өтуіне жергілікті кәсіпкер, меценат Қанат Құсайыновтың қосқан үлесі зор болды. Ол ерекше балаларды жылы қарсы алып, мерекелік дастарқан жайып, олардың жүздеріне қуаныш сыйлады. Мұндай игі істер қоғамдағы қайырымдылық пен мейірімділіктің қаншалықты маңызды екенін тағы бір мәрте дәлелдейді.

Бұл күн балалардың есінде жарқын естелік ретінде сақталары сөзсіз. Ең бастысы, мереке мемлекет, әлеуметтік



сала, бизнес және қоғам өкілдері бірлесе әрекет еткенде ғана балалар үшін шынайы қамқорлық ортасын қалыптастыруға болатынын көрсетті. Себебі әрбір баланың бақыты - барша қоғамның ортақ байлығы. Ал балалардың шат күлкісі мен қуанышты жүзінен асқан марапат жоқ.

## ПРАЗДНИК, НАПОЛНЕННЫЙ ЗАБОТОЙ И ДОБРОТОЙ

Международный день защиты детей - это не просто дата в календаре. Это особый день, который напоминает обществу о важности заботы о подрастающем поколении, о необходимости создавать условия для счастливого детства каждого ребенка, независимо от состояния здоровья и жизненных обстоятельств. Особое внимание в этот день уделяется детям с особыми потребностями, которым особенно важны поддержка, внимание и участие окружающих людей.

Центр оказания специальных социальных услуг в условиях на дому под руководством Мурата Исмагамбетова широко и ярко отметил Международный день защиты детей, организовав для своих подопечных настоящий праздник, наполненный радостью,



улыбками и незабываемыми впечатлениями.

Мероприятие прошло в новом парке города Макинска, где для детей и их родителей была подготовлена насыщенная развлекательная программа. Игры, конкурсы, танцы, веселые состязания и дружеское общение создали атмосферу настоящего праздника. Благоприятная погода словно сама способствовала хорошему настроению участников, а звонкий детский смех стал лучшим подтверждением того, что праздник удался.



После активных игр на свежем воздухе детей ожидал еще один приятный сюрприз. На специально предоставленном автобусе участников праздника доставили в кафе-пиццерию «1+1», руководителем которого является предприниматель Канат Кусаинов. Здесь для ребят был накрыт щедрый дастархан со свежей выпечкой и угощениями. Гостеприимство и искреннее желание подарить детям радость стали ярким примером социальной ответственности бизнеса и человеческой доброты.

Однако праздник запомнился не только культурной и развлекательной программой. Каждому ребенку было уделено внимание, вручены фрукты и памятные подарки. Многие ребята были отмечены грамотами за свои достижения и старания. Особую заботу сотрудники Центра проявили к тем детям, которые по состоянию здоровья не смогли присутствовать на мероприятии. Их посетили на дому, лично поздравили с праздником и вручили подарки, чтобы никто не остался без внимания и теплых слов.



Сегодня государство уделяет большое внимание вопросам поддержки детей с особыми потребностями и их семей. В Казахстане реализуются различные программы социальной защиты, развития инклюзивного общества, повышения доступности образования, медицинской помощи и социальных услуг. Но вместе с государственной поддержкой огромное значение имеет участие общества. Именно искреннее человеческое отношение, готовность помочь, поделиться теплом и временем помогают особенным детям чувствовать себя полноценными членами общества, верить в свои силы и открывать новые возможности для развития.

Каждый такой праздник напоминает о простой, но очень важной истине: детям не всегда нужны дорогие подарки. Иногда достаточно доброго слова, искренней улыбки, дружеского общения или небольшого знака внимания, чтобы ребенок почувствовал себя счастливым. Для особенных детей такие моменты имеют особую ценность, ведь они дарят чувство нужности, заботы и любви.

Организация праздника стала возможной благодаря совместным усилиям многих неравнодушных людей. Родители выразили искреннюю благодарность руководителю Центра Мурату Исмагамбетову, консультанту Гульдане Мукановой, делопроизводителю Айнагуль Данияровой, а также социальным работникам Светлане Филипьевой и Салтанат Каскеновой за высокий уровень организации мероприятия, внимание к детям и создание по-настоящему теплой и душевной атмосферы.

Значительную помощь оказал директор районного Дома культуры, депутат районного маслихата Алишер Кенжегалиев, предоставивший транспорт для перевозки участников мероприятия. Родители отметили внимательное и доброжелательное отношение водителя, благодаря которому поездка прошла комфортно и безопасно.

Особых слов признательности заслуживает предприниматель и меценат Канат Кусаинов, который с радушием принял гостей и организовал праздничное угощение для особенных детей. Такие поступки показывают, что благотворительность начинается с простого человеческого желания помочь тем, кто нуждается в поддержке.

Этот день стал настоящим праздником добра, милосердия и единства. Он еще раз показал, насколько важно



объединять усилия государства, социальных служб, бизнеса и общественности ради благополучия детей. Ведь счастливое детство каждого ребенка - это не только забота семьи, но и общая ответственность всего общества. И чем больше вокруг будет людей, готовых подарить ребенку частичку своего тепла, тем больше счастливых улыбок будет в нашем мире.

**А. АМАНЖОЛОВА.**

# ЕЛ ҚОРҒАНЫ – ЗАЩИТНИК РОДИНЫ

## Әскер – ер азаматтың мектебі, Отан қорғаушының қалыптасу жолы

Әскерге барып, Отан алдындағы қасиетті борышын абыроймен атқарып, ер азамат ретінде шыңдалып, батылдық пен қайсарлық рухын нығайтып, туған жеріне аман-есен оралып жатқан жас сарбаздардың қатары жыл сайын артып келеді. Бұл – ел қауіпсіздігі мен мемлекеттің қорғаныс қабілетін қамтамасыз ететін маңызды көрсеткіштердің бірі. Әскерде қызмет ету – үлкен жауапкершілік пен табандылықты талап ететін өмір мектебі. Ол әрбір азаматтың туған елі мен жері алдындағы перзенттік парызы, қасиетті міндеті.

Қазақ халқы қашанда елін, жерін қорғаған ерлерін құрметтеп, батырларын ардақтаған. Халқымыздың біртуар перзенті, даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлының: «Өз елін сыйламау, оны мақтаныш етпеу – сатқындықтың белгісі» деген қанатты сөзі әрбір жас жүрекке рух беріп, отансүйгіштік сезімді оятады. Расында да, туған елін сүйіп, оның тыныштығы мен болашағы үшін қызмет ету – нағыз азаматқа тән қасиет.

Осындай жалынды жастардың бірі - жақында әскери міндетін жоғары деңгейде атқарып, туған шаңырағына аман-есен оралған, сонымен қатар жоғары оқу орнының мемлекеттік білім грантын жеңіп алған жерлесіміз, Макинск қ., № 2 ЖББМ түлегі Мағжан Саматұлы Телжанов.

Мағжан Саматұлы Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Ақмол ауылында орналасқан 44813 әскери бөлімінде әскери қызметін өтеді. Оның әскери борышын үлгілі атқарып, кейін мемлекеттік грант иегері атанғаны жөнінде Бұланды және Біржан сал аудандарының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің Әскерге шақыру және әскерден тыс жұмыс тобының бастығы, капитан Солтан Аңсаған қуанышпен хабарлады. Мағжан еліміздің беделді жоғары орындарының бірі - Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің грантын жеңіп, қазіргі таңда сұранысқа ие сәулет өнері мамандығы бойынша білім алатын болады.

Мағжан үлгілі сарбаз ретінде «Срочники 2.0» мемлекеттік бағдарламасының қатысушысы атанды. «Срочники 2.0» бағдарламасы 2023 жылы Қорғаныс министрлігінің бастамасымен іске қосылып, кейін заңнамалық тұрғыдан бекітілді. Бағдарламаның мәні қарапайым: мерзімді әскери қызметін өтеген азаматтар жоғары оқу орнына ҰБТ тапсырмай-ақ, әңгімелесу нәтижесі бойынша түсе алады. Жауынгерлік даярлықта үздік нәтиже көрсеткендерге толық мемлекеттік грант беріледі, яғни олар тегін білім алып, жатақханамен қамтамасыз етіледі.

Үміткерлерді іріктеу барлық кезеңнің ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз ететін «Сарбаз» цифрлық платформасы арқылы жүзеге асырылады. Бағдарлама ҰБТ-дан жоғары нәтиже көрсете алмағанымен, әскери қызмет барысында тәртіптілігі мен жауапкершілігін дәлелдеген жастар үшін жоғары білім алудың балама жолын қалыптастырады. Бұл әсіресе сапалы емтиханға дайындық мүмкіндігі шектеулі өңірлердегі жас азаматтар үшін аса маңызды.

Жағдайдың мән-жайын білу үшін Біз Мағжанмен аудандық Қорғаныс



істері жөніндегі біріктірілген бөлімде кездестік, қасында әкесі де болды. Әңгіме барысында ол бұл бағдарламаның олардың отбасы үшін үлкен қуаныш әрі зор қолдау екенін атап өтті. Сондай-ақ мұндай бастамалар ата-аналарға сенім ұялатып, балаларының болашағына алаңдамай қарауға мүмкіндік беретінін жеткізді.

44813 әскери бөлімінің жеке радиолокациялық ротасында аға маман (жүргізуші-оператор) қызметін атқарған ефрейтор Мағжан Телжанов әскери қызмет барысында өзін сауатты, тәртіпті, еңбекқор әрі жауапкершілігі жоғары сарбаз ретінде көрсете білді. Ол өзіне жүктелген міндеттерді мүлтіксіз орындап қана қоймай, әскери тәртіпті сақтауда, ұжыммен жұмыс істеуде және кәсіби шеберлігін жетілдіруде ерекше белсенділік танытты.

Қызмет барысында Мағжан дербестігімен, талапшылдығымен және жоғары ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түсті. Әскери істің қыр-сырын меңгеруге деген құлшынысы мен білімге деген талпынысы оның әрдайым алдыңғы қатардан көрінуіне мүмкіндік берді. Ол жеткен жетістіктерімен тоқтап қалмай, өзінің кәсіби деңгейін үнемі жетілдіруге күш салды. Осындай еңбекқорлығы мен табандылығы жас сарбаздарға үлгі болары сөзсіз.

Бөлім басшылығы оның сабырлы мінезіне, адамгершілік қасиеттеріне және қиын сәттерде дұрыс шешім қабылдай алатын қабілетіне ерекше баға берді. Әскери ұжымда сыйлы болған Мағжан жолдастарына көмек көрсетуге әрдайым дайын жүретін, өз ісіне адал, тәртіпке берік жауынгер ретінде танылды.

Әскери өмір әрдайым жауапкершілікке толы. Кейде күтпеген жағдайлар орын алып, сарбаздардың төзімділігі мен психологиялық дайындығы сынға түседі. Осындай сәттерде Мағжан өзіне тән батылдығы мен ер мінезінің арқасында абыржымай, салмақты шешім қабылдап, өз міндеттерін жоғары деңгейде орындады. Бұл оның нағыз әскери қызметшіге тән қасиеттерді бойына сіңіре алғанын көрсетеді.

Әскер - тек қару ұстауды үйрететін орын емес. Ол - тәртіптің, жауапкершіліктің, достықтың, ерліктің және отансүйгіштіктің мектебі. Әскери қызметтен өткен әрбір жас өмірге басқаша көзқараспен қарап, өз болашағына сеніммен қадам басады. Мағжанның әскери қызметтен кейін жоғары оқу орнының мемлекеттік грантын иеленуі де оның мақсаткерлігі мен білімге деген құштарлығының айқын дәлелі.

Бұл жетістік - тек Мағжанның ғана емес, оның ата-анасының, ұстаздарының және туған өлкесінің мерейі. Осындай жастардың жетістігі кейінгі буынға үлгі болып, әскери қызметтің маңызын арттыра түседі. Өйткені елдің болашағы - білімді, тәртіпті, отансүйгіш жастардың қолында.

Бүгінде Қазақстан армиясының қатарында қызмет етіп жүрген әрбір сарбаз ел тыныштығы мен тәуелсіздігінің күзетінде тұр. Олар - бейбіт өмірдің кепілі, мемлекетіміздің қорғаны. Сондықтан әскери қызметке деген құрмет әрдайым жоғары болуы тиіс.

Қазақтың баһадүр бабалары ғасырлар бойы ұлан-ғайыр даланы найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғап қалды. Сол батырлардың асыл мұрасын жалғастырып келе жатқан бүгінгі сарбаздар да ел сенімін ақтауға лайық. Мағжан секілді жалынды жастардың қатары көбейген сайын мемлекетіміздің қорғаныс қабілеті нығайып, Тәуелсіз Қазақстанның болашағы жарқын бола бермек.

Иә, шын мәнінде, қазақ әскері арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, жүрегі Отан деп соққан осындай сарбаздардан құралса, ел қорғаны берік, мемлекетіміздің келешегі кемел болары анық. Елін сүйген ерлер барда көк Туымыз әрдайым биікте желбіреп, тәуелсіздігіміздің тұғыры мәңгілік болғай!

## Армия – школа мужества и становления настоящего гражданина

С каждым годом растет число молодых людей, которые, достойно выполнив свой воинский долг перед Родиной, возвращаются домой возмужавшими, окрепшими духом и уверенными в своих силах. Военная служба - это не просто обязанность, а важный жизненный этап, который закаляет характер, воспитывает ответственность и укрепляет чувство патриотизма. Для каждого мужчины служба в армии является священным долгом перед своей страной и народом.

Казахский народ всегда высоко ценил тех, кто стоял на защите родной земли. Герои прошлого служат примером для нынешнего поколения защитников Отечества. Не случайно легендарный полководец Бауыржан Момышулы говорил: «Не уважать свою страну и не гордиться ею – признак предательства». Эти слова и сегодня вдохновляют молодежь на добросовестное служение Родине, укрепляют веру в собственные силы и воспитывают чувство ответственности за будущее государства.

Одним из таких молодых патриотов является наш земляк, выпускник ОШ № 2 г. Макинск Магжан Саматович Тельжанов, который недавно успешно завершил военную службу, благополучно вернулся домой и одновременно стал обладателем государственного образовательного гранта для обучения в высшем учебном заведении. А поступил Магжан в престижный ВУЗ страны - Казахский национальный исследовательский технический университет имени К. И. Сатпаева, на не менее важную и востребованную специальность – архитектура. О достойной службе молодого солдата и его дальнейших успехах сообщил начальник группы призыва на воинскую службу и военно-внештатной работы объединенного отдела по делам обороны Буландынского и района Біржан сал, капитан Солтан Ансаган.

Военную службу ефрейтор Магжан Саматович Телжанов проходил в воинской части №44813, расположенной в селе Акмол Целиноградского района Акмолинской области в должности старшего специалиста (водителя-оператора) отдельной радиолокационной роты воинской части №44813. За время службы он проявил себя как грамотный, дисциплинированный, трудолюбивый и ответственный военнослужащий. Выполняя поставленные задачи, Магжан всегда демонстрировал высокий уровень подготовки, добросовестное отношение к служебным обязанностям и стремление к постоянному профессиональному развитию.

Командование части отмечает его исполнительность, самостоятельность и требовательность к себе. Молодой военнослужащий не останавливался на достигнутом, постоянно совершенствовал свои знания и навыки, стремился быть примером для сослуживцев. Благодаря своему упорству и настойчивости он заслужил уважение как среди командиров, так и среди товарищей по службе.

Особого внимания заслуживают его личные качества. Магжан всегда отличался спокойствием, выдержкой и уравновешенностью. Он охотно приходил на помощь сослуживцам, проявлял уважение к старшим и заботу о младших товарищах. Руководство части неоднократно отмечало его способность принимать взвешенные решения даже в сложных ситуациях, сохранять самообладание и действовать уверенно в любых обстоятельствах.

Военная служба неизбежно связана с различными испытаниями. Она требует не только физической выносливости, но и крепкого характера, силы воли и психологической устойчивости. Именно в таких условиях раскрываются лучшие качества человека. Магжан достойно преодолел все трудности армейской жизни, проявив мужество, стойкость и ответственность. Благодаря этим качествам он успешно справлялся со всеми поставленными задачами и заслужил высокую оценку командования.






Магжан, как образцовый солдат, стал участников государственной программы «Срочники 2.0». Программа «Срочники 2.0» инициирована Министерством обороны в 2023 году и с тех пор получила законодательное закрепление. Суть проста: отслужившие граждане могут поступить в вуз не через ЕНТ, а по результатам собеседования. Отличники боевой подготовки получают полный государственный грант – с бесплатным обучением и местом в общежитии. Отбор кандидатов проходит через цифровую платформу «Сарбаз», обеспечивающую прозрачность на каждом этапе. Программа фактически создает альтернативный путь в высшее образование для тех, кто по разным причинам не показывает высокий результат на ЕНТ, но доказывает дисциплину и ответственность во время службы. Это особенно важно для молодых людей из регионов, где доступ к качественной подготовке к экзаменам может быть ограничен.

В Объединенном отделе по делам обороны нашего района, где мы встретились с Магжаном, присутствовал и его отец, который в беседе сказал о том, что их семьи это большая радость и поддержка. Отметив, что такие инициативы придают уверенность и вселяют спокойствие за будущее детей.

Следует отметить, что армия - это не только обучение военному делу. Это настоящая школа жизни, где молодые люди учатся дисциплине, ответственности, взаимовыручке, уважению к окружающим и любви к Родине. Именно в армии многие юноши обретают уверенность в себе, становятся более зрелыми и осознанно строят свое будущее.

Ярким подтверждением этому является дальнейший успех Магжана Телжанова. После завершения военной службы он стал обладателем государственного образовательного гранта, что свидетельствует о его целеустремленности, стремлении к знаниям и желании приносить пользу своей стране. Этот успех является результатом его трудолюбия, настойчивости и умения ставить перед собой высокие цели.

Достижения Магжана - это не только его личная победа, но и гордость родителей, учителей, земляков и всей малой родины. Такие молодые люди становятся достойным примером для подрастающего поколения, показывая, что служба в армии и стремление к образованию прекрасно дополняют друг друга и помогают добиться успеха в жизни.

Сегодня тысячи казахстанских военнослужащих несут службу, обеспечивая безопасность и спокойствие граждан нашей страны. Именно благодаря их преданности долгу и готовности защищать Родину Казахстан уверенно развивается и строит свое будущее. Поэтому уважение к военной службе и людям в погонах всегда было и остается важной частью патриотического воспитания молодежи.

Наши предки на протяжении веков защищали бескрайние казахские степи, сохраняя независимость и свободу своего народа. Их подвиги стали частью национальной истории и духовного наследия. Современные защитники Отечества достойно продолжают эти славные традиции, демонстрируя верность воинской присяге и любовь к Родине.

Такие молодые люди, как Магжан Телжанов, являются настоящей опорой государства и надеждой на будущее. Чем больше будет в нашей стране ответственных, образованных, дисциплинированных и патриотично настроенных граждан, тем крепче будут безопасность, единство и процветание Казахстана.

Недаром говорят, что сильная армия начинается с сильных людей. И если ряды Вооруженных сил Казахстана будут пополняться такими мужественными, целеустремленными и преданными своей стране молодыми людьми, как Магжан Телжанов, то будущее нашей Родины будет надежно защищено, а Государственный флаг Республики Казахстан всегда будет гордо развеваться над мирной и независимой страной.

**А. АМАНЖОЛОВА.**

# ДЕНСАУЛЫҚ САҚШЫСЫ – НА СТРАЖЕ ЗДОРОВЬЯ

## Эффективность и безопасность вакцинации



Вакцина - препарат из ослабленных или убитых микроорганизмов, продуктов их жизнедеятельности, или из отдельных антигенных компонентов микробных клеток или вирусов, применяемых для вакцинации человека и животных.

Вакцинация (или прививка) - введение вакцины в организм человека с целью вызвать иммунитет к инфекционной болезни, который предотвратит заражение, или ослабит его последствия.

Вакцинопрофилактика - применение вакцин в целях предупреждения развития инфекционных заболеваний у отдельных людей и в сообществе путем создания активного специфического иммунитета.

Все вакцины - это медицинские иммунобиологические препараты, т.к. они вводятся под контролем врача и содержат обработанные по специальной технологии возбудители заболеваний, против которых планируется создать иммунитет. Вакцины защищают только от тех заболеваний, против которых они предназначены.

Стерильность препаратов обеспечивают консерванты, рекомендованные Всемирной организацией здравоохранения и международными организациями по контролю безопасности лекарственных средств. Эти вещества разрешены для введения в организм человека. Полный состав вакцин указан в инструкциях по их применению. Если у человека имеется установленная тяжелая аллергическая реакция на какой-либо из компонентов конкретной вакцины, то обычно это является противопоказанием к её введению.

Спасение миллионов жизней

Благодаря иммунизации на земле удалось ликвидировать натуральную оспу, на грани ликвидации - полиомиелит. Иммунизация позволяет предотвращать ежегодно от 2 до 3 миллионов случаев смерти от дифтерии, столбняка, коклюша и кори. В Казахстане иммунизация против инфекционных заболеваний – часть всесторонней заботы государства о здоровье детей и всего населения.

Особое внимание уделяется постоянному совершенствованию календаря прививок на основе передового мирового опыта, внедрение в него новых эффективных вакцин. Согласно календарю профилактических прививок Республики Казахстан, реализация плановой иммунизации предусмотрена по отношению дифтерии, коклюша, столбняка, кори, краснухи, полиомиелита, туберкулёза, эпидемического паротита, гепатита В, ХИБ, пневмококковой инфекции. Вакцинация по календарю прививок в Республике Казахстан легкодоступна и бесплатна.

В стране существует законодательная база для обеспечения качества поставок вакцин и инъекционных материалов, действует процесс прогнозирования и закупки вакцин, имеются соответствующие органы, хорошо осведомленные о своей роли и выполняющие эту работу. Качество вакцин, используемых в рамках национального календаря, гарантируется за счет предварительной квалификации ВОЗ. На основании плана профилактических прививок рассчитывается потребность в вакцинах и средствах безопасной иммунизации, что гарантирует обеспечение безопасной, своевременной, качественной и полноценной иммунизации.

Вакцинация самое эффективное средство защиты детей против многих инфекционных болезней

Вакцины естественным образом заранее обучают иммунную систему ребенка тому, как быстро справиться с инфекцией при возможной встрече.

Вакцинация на сегодня является научно доказанным наиболее безопасным и эффективным способом защиты вашего ребенка от серьезных заболеваний.

Благодаря вакцинации формируется защищённая прослойка населения, сдерживающая эпидемии опасных инфекции.

Вакцинация детей в Республике Казахстан проводится согласна календарю профилактических прививок РК, после предварительного осмотра врачом, в случаи отсутствии противопоказании и добровольным согласием одного из законных представителей ребенка.

**Буландынское районное управление санитарно-эпидемиологического контроля.**

## Здоровье – главное богатство человека

Всемирный день здоровья был учрежден Всемирной организацией здравоохранения (ВОЗ) в 1948 году в честь ее создания и впервые был отмечен в 1950 году. Его основная цель – привлечь внимание людей к вопросам здоровья и повысить осведомленность в вопросах профилактики заболеваний. Каждый год Всемирный день здоровья посвящается определенной теме, связанной с ключевыми вызовами для глобального здравоохранения.

***Почему важно отмечать Всемирный день здоровья?***

Здоровье – это основа долгой и счастливой жизни. Однако в современном мире огромное количество факторов, таких как экологические проблемы, стресс, неправильное питание, нехватка физической активности, негативно влияют на состояние здоровья людей. Всемирный день здоровья напоминает каждому из нас, что забота о своем теле и разуме – это долгосрочная инвестиция в качество жизни.

Кроме того, этот день предоставляет возможность правительствам, медицинским учреждениям и организациям проанализировать существующие проблемы в здравоохранении и разработать стратегии их решения. Пропаганда здорового образа жизни и доступность медицинской помощи – важнейшие аспекты, на которые акцентируется внимание в этот день.

***Темы Всемирного дня здоровья***

Каждый год ВОЗ выбирает тему, отражающую наиболее актуальные проблемы здравоохранения. Например, в 2023 году темой стала фраза «Здоровье для всех», она подчеркивала важность равного доступа к медицинской помощи и услугам для всех людей, независимо от их социального и экономического положения.



В разные годы обсуждались такие темы, как борьба с диабетом, психическое здоровье, обеспечение безопасности пищевых продуктов, профилактика инфекционных заболеваний, включая полиомиелит и туберкулез, влияние изменения климата и многие другие. Каждая тема призвана привлечь внимание к актуальным проблемам и найти путь их решения.

В апреле проводятся мероприятия на всех уровнях: от международных конференций до локальных акций. В школах, компаниях и общественных организациях проходят лекции, спортивные мероприятия, дни открытых дверей и благотворительные акции.

***Как можно отметить Всемирный день здоровья?***

Отмечать этот день можно по-разному, в зависимости от Ваших интересов и возможностей:

- проверьте свое здоровье. Пройдите профилактическое обследование у врача или измерьте основные показатели, такие как уровень сахара в крови, давление, пульс;

- займитесь спортом. Даже простая прогулка на свежем воздухе или 30-минутная зарядка положительно скажутся на Вашем состоянии;

- изучите информацию о здоровом образе жизни. Прочитайте статьи, посетите лекции или семинары о правильном питании, физической активности или управлении стрессом;

- поддержите общественные мероприятия. Во многих городах в этот день проходят акции, марши здоровья, бесплатные консультации врачей;

- помогите окружающим. Рассмотрите возможность участия в благотворительных акциях или помощи тем, кто нуждается в медицинской поддержке.

Всемирный день здоровья – это не только напоминание о важности медицинских достижений, но и призыв к каждому человеку задуматься о своем образе жизни. Регулярная физическая активность, сбалансированное питание, отказ от вредных привычек и бережное отношение к своему ментальному состоянию – это шаги, которые под силу каждому.

Помимо индивидуальных усилий, важно объединяться с другими людьми и сообществами для решения глобальных проблем здравоохранения. Ведь только сообща можно добиться того, чтобы здоровье действительно стало доступным для всех.

В этот день давайте вспомним: забота о здоровье – это не только личное дело, но и вклад в общее будущее. Берегите себя и своих близких!

**Т. ДОСТОВАЛОВА, медицинская сестра ЗОЖ районной больницы.**

## Су – өмір өзегі

Ол ағзаның ішкі ортасының негізгі факторы және сыртқы ортаның факторы да болып табылады. Су жоқ жерде, өмірде болмайды. Суда тірі ағзаға бейімді барлық процесстер болады. Су жетіспеушілігі ағзаның барлық функцияларын бұзады және өлімге әкеліп соқтырады.

Су – физиологиялық жүйе белсенділігінің жалпы көрсеткіші, фон және орта, ол жерде барлық маңызды процесстер өтеді. Адам ағзасындағы су құрамы 60 % құрайды. Қартаю процесстері жасушаларда су азайғанына байланысты.

Сулы-тұзды алмасуға су белсенді қатысады.



Ағзада су жеткілікті көлемде болса, ас қорыту және дем алу тыныс процесстері жақсы жұмыс жасайды. Судың ағзада бөлініп шығу функциясы да маңызды, ол несеп жүйесі жақсы жұмыс істеу үшін әрекет жасайды.

Ағзаға сумен бірге минералдық заттар келіп түседі. Судың рөлі минерал тұз көзі ретінде танылған. Минерал тұздары суда ион түрінде болады, ағза үшін қолайлы. Су – бұл универсалдық ерітінді. Ол барлық физиологиялық белсенді заттарды ерітеді. Ағза үнемі өкпемен (1 м$^3$ ауада орташа 8-9г су болады) ауа жұтып, бүйрек және тері арқылы суды жоғалтады.

Адам тәулігіне 4 л суға дейін жоғалтады. Егер ағзада су болмаса, ағзада құрғақшылық болады. Судың 10 % жетіспеушілігі жағдайды нашарлатады, ал құрғақшылықтың 20% көбейгені өмірлік функция бұзушылығына және өлімге әкеліп соқтырады. Құрғақшылық аштықтан көрі ағза үшін өте қауіпті. Тамақсыз адам 1 ай өмір сүре алады, ал сусыз 3 тәулікке дейін сүреді.

Суды пайдалану нормасы сумен жабдықтау су сапасы сипатымен, ағза жағдайымен, қоршаған орта сипатымен, температуралықылғалды тәртіппен, жұмыс сипатымен анықталады.

Су инфекция сипаты: аяқ астынан аурудың көтерілуі, аурудың жоғары деңгейі сақталуы, эпидемиялық толқынның тез түсуі (патологиялық факторды жойғаннан кейін).

Су арқылы тырысқақ, сүзек ауруы, паратиф, дизентерия, лептоспироз, туляремия (кеміргіштердің ауыз суды ластануы), бруцеллез беріледі. Сальмонеллез инфекциясы да су арқылы беріді. Вирустық аурулар – бұл ішек вирустары, энтеровирустар. Олар суға фекалдық көлеммен және басқа да бөлінулермен түседі.Су ортасында мына元ларды анықтауға болады: инфекциялық гепатит вирусы, полиомиелит вирусы, аденовирустар, Коксаки вирусы, басендық конъюнктивит вирусы, тұмау вирусы. Әдебиетте жұқпалы суды пайдалану кезінде туберкулезды жұқтырып алу жағдайлары жазылған. Жануарлар паразит аурулары су арқылы беріледі: амебиаз, гельминтоз, лямблиоз.

Сумен жабдықтауды дұрыс ұйымдастыру тек маңызды жалпы санитарлық шара емес және тұрғындар арасында ішек инфекция таралуына қарсы нәтижелі өзіне тән шара болып табылады.

Судың химиялық құрамы инфекциялық емес табиғат ауруды шақырады.Медициналық білім дамуы судың химиялық (тұзды және микроэлементтік) құрамы ерекшеліктері жөнінде ұсыныстарды, оның биологиялық рөлдерін және тұрғындар денсаулығына зиянды әсерлерді кеңейтті.

Минералдық (макро- және микроэлементтер) тұздар минералдық алмасуда және ағзаның өмір сүру қызметіне қатысты, дененің дамуына және өсуіне, қан айналуына, көбейюіне әсер етеді, ферменттер, гормондар және витамин құрамына кіреді.

Судың қолайсыз химиялық құрамымен байланысты аурулар эндемиялық зобқа айналады. Осы ауру Қазақстан аймағында кең таралған. Сыртқы ортада йод жетіспеушілігі және тұрғындардың әлеуметтік-гигиеналық жағдайлары ауру себептері болып табылады. Йодтың тәулік қажеттілігі 120—125 мкг құрайды. Зоб ауылдық аудандарда таралған. Эндемиялық зобқа қатысты теңдестірілген тамақ, йодталған тұз, мыс, марганец, кобальт, рациондағы тұз негізгі профилактикалық шара болып табылады.

Судың жоғары тұздық құрамы органолептикалық қасиеттерде білінеді, «су тәбеті» азаяды және су ішкісі келмейді.

Сондықтан, тұрғындардың сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету қажеттілігі белгілі. Сапалы ауыз су миллиондаған адамдардың денсаулығын сақтап қалады.

**И. ЗУБОВА, «НЦЭ » ШЖҚРМК Бұланды бөлімінің зертхана қызметкері.**

# АҚПАРАТТЫҚ АЛАҢ – ИНФОРМАЦИОННОЕ ПОЛЕ

## Түлектер мамандық таңдауда нені ескеруі керек?




Тағы бір оқу жылы аяқталды. Ресми деректерге сүйенсек, университет түлектерінің 40%-ы мамандық бойынша жұмыс істемейді екен. Аталған көрсеткіш – мамандық таңдаудың қаншалықты маңызды екенін тағы бір мәрте еске салады. Түлектер неге қателеседі? Таңдалған мамандықтың өзіңе сәйкес келмейтінін уақытында қалай аңғаруға болады? Осы және өзге де өзекті сауалдар төңірегінде Халықаралық бағыт-бағдар берушілер бірлестігінің мүшесі, профориентолог Динара Оспановамен әңгімелескен едік, деп жазады Egemen.kz.

Профориентологтың айтуынша, мамандықты нақты таңдайтын кезеңде көптеген оқушы асығыс шешім қабылдап жатады, ең жиі кездесетін қателік – мамандықты өз қалауымен емес, сыртқы факторларға қарап таңдау.

«Түлектердің кейбірі грант көп бөлінетін салаға барады, енді бірі ата-анасының немесе достарының кеңесіне сүйенеді. Кей жағдайда оқушылар мамандықтың атауына қызығады, бірақ оның ішкі мазмұнын толық зерттемейді. Болашақта қандай жұмыс атқаратынын, сол салаға қандай қабілет қажет екенін ойлана бермейді. Салдарынан оқу барысында таңдауы өзіне сәйкес келмейтінін түсініп жатады», деді Динара Оспанова.

Профориентологтың сөзінше, тағы бір мәселе – түлектер өз қабілеті мен қызығушылығын нақты білмейді. Мысалы, жан дүниесі гуманитарлық бағытқа бұрып тұрған жасөспірім қоғамдағы «трендке» ілесіп, сұранысы жоғары техникалық мамандыққа құжат тапсырады. Нәтижесінде, өзіне жат, еш ұнамайтын салада жүріп, ішкі мотивациясын жоғалтады.

«Сондықтан мамандық таңдағанда тек қазіргі трендке емес, адамның өзіне не жақын, қабілеті соған сәйкесе ме дегенді ұғыну маңызды. Сонымен қатар мамандықтың болашақтағы даму мүмкіндігін, еңбек нарығындағы сұранысты және жеке қабілетті ескеріп қарау қажет», деді Д. Оспанова.

Динара Төлеуқызы ата-ананың қалауы мен баланың қызығушылығының сәйкес келмеуі – мамандық таңдауға тікелей әсер ететін мәселе екенін атап өтті.

«Көбіне оқушы ата-анасының пікіріне көнеді. Бірақ ішкі қалауы ескерілмегендіктен, кейін оқу барысында қызығушылығы төмендейді немесе мамандықты толық меңгеруге құлықсыздық танытуы мүмкін. Мұндай жағдай адамның кәсіби жолына да ұзақ уақыт әсер етеді. Өйткені өзіне жақын емес саланы оқу және кейін сол салада жұмыс істеу қосымша қиындық туғызады», деді профориентолог.

Мамандардың пікірінше, бұл мәселені жүйелі түрде азайту үшін мектеп қабырғасындағы кәсіби бағдар беру жұмысын сапалы ұйымдастыру қажет. Егер білім беру мекемелерінде оқушылардың жеке қабілетін нақты бағалауға жағдай жасалып, мамандықтардың нарықтағы болашағы мен ерекшеліктері тұрақты түсіндірілсе, түлектердің таңдауы да барынша саналы сипат алмақ. Сонымен қатар бұл үдеріске ата-аналарды да тартудың маңызы зор. Отбасы тарапынан қолдау көрсету барысында мамандықтың қоғамдағы беделіне (танымалдылығына) емес, жасөспірімнің нақты икемділігі мен әлеуетіне басымдық берілгені жөн.

Маман кәсіби іс-тәжірибесінде кездескен осындай мысалдардың біріне тоқталды.

«Жаздың ортасында онлайн кеңеске Алматы қаласынан 10 сынып оқушысы анасымен бірге жазылды. Кеңес кезінде бағыты анықталды. Нәтижемен анасы келіскісі келмеді. ҰБТ дайындығын өткізетін орталыққа баласын қорытындымен жанаспайтын бағыт бойынша тіркепті, олар бір жыл бойы дайындаған. Ал 11-сыныпта орталықта бақылау тесттерін тапсырған кезде нәтижесі төмен болған. Анасы баланың сабақ оқуға зауқы жоқтығын, мотивацияның болмай тұрғанын айтып, тағы бір мәрте көмек сұрады. Тағы бір кеңес өткіздік. Алғашқы кеңесте ұсынылған бағыт қайталанды. Ата-анасы қатты таңырқады», деді ол.

Сол ата-ана өз тараптарынан қате кеткенін түсініп, кешірім сұрап, оқушыны дереу дұрыс таңдалған бағыт бойынша дайындыққа берген екен.

«Дайындық барысында оқушының көңіл-күйі дұрысталып, даярлық жұмыстары да оң нәтиже көрсетіп жатқанын хабарлаған анасы қуанышын сөзбен айтып жеткізе алмады. Дұрыс бағыт бойынша дайындығы уақтылы жалғасуы арқасында оқушымыз Ұлттық бірыңғай тестін ойдағыдай тапсырып, сәтімен грантқа түсіп кетті.

Кеңесімізге жүгінген осындай оқушыларымыздың келешек мамандығын дұрыс таңдап, қалаған оқуына түсіп кеткенін естігенде өзім де қатты қуанып, бақытты күйге түсемін», дейді профориентолог Динара Оспанова.

Осы тұста айта кетейік, мұндай жағдайлар бірнәрсені нақты көрсетеді. Яғни, балаға дұрыс кәсіби бағдар берілсе, ол өз қабілетіне сәйкес жолды таба алады және ата-анасы да дәлелденіп зерттелген ақпарат арқылы дұрыс шешім қабылдауға бейім болады. Нәтижесінде студент те, отбасы да және қоғам да ұтады.

Тағы бір айта кететін жайт, көптеген студент оқу барысында таңдаған мамандығы өзіне сәйкес келмейтінін ұғынып жатады. Профориентологтың айтуынша, бұл – қалыпты жағдай. Өйткені мектепті аяқтаған түлектер келешек кәсібін ерте жасында таңдайды, ал уақыт өте келе қызығушылығы мен қабілеті өзгеруі мүмкін.

«Ең алдымен, студент өзіне нақты сұрақ қойып, мәселенің себебін анықтауы қажет. Кей жағдайда мамандық емес, оқу жүктемесі, белгілі бір пәндердің қиындығы немесе психологиялық қысым әсер етуі мүмкін. Ал егер саланың өзі қызықтырмаса, онда бұл – маңызды белгі», деді Динара Төлеуқызы.

Оның айтуынша, мұндай жағдайда студентке басқа бағыттарды зерттеп көрген жөн. Қазіргі университеттерде қосымша мамандану, elective пәндер, minor бағдарламалары және академиялық мобильдік мүмкіндіктері қарастырылған, бұл – студентке өз қызығушылығын анықтауға септеседі. Сонымен қатар теория мен практиканың айырмашылығын да ескеру маңызды. Кейде студентке оқу үдерісі ұнамауы мүмкін, алайда мамандық бойынша жұмыс тәжірибесі қызықты болуы ықтимал. Сондықтан еңбек тәжірибесінен өту, еріктілік жобаларға қатысу немесе part-time жұмыс істеп көру пайдалы.

«Егер студент өзіне басқа бағыт жақын екенін нақты түсінсе, мамандық ауыстырудан қорықпауы керек. Бұл – қателік емес, кәсіби тұрғыда өзін іздеу үдерісі. Ұнамайтын салада ұзақ жыл жұмыс істегеннен гөрі, уақытында дұрыс шешім қабылдау әлдеқайда тиімді. Ең бастысы – студент қоғамның немесе айналасының қысымымен емес, өзінің қызығушылығы мен қабілетіне сүйене отырып шешім қабылдауы қажет», деп түйіндеді Халықаралық бағыт-бағдар берушілер бірлестігінің мүшесі, профориентолог Динара Оспанова.

**Ш. МҰҚАЕВ.**

## Что важно знать об остром инфекционном заболевании

Конго-крымская геморрагическая лихорадка - (лат. febrishaemorrhagicacrimiana, син. среднеазиатская геморрагическая лихорадка) - острое инфекционное заболевание человека, передающееся через укусы клещей, вызываемое вирусом Конго-крымской геморрагической лихорадки. Заболевание характеризуется лихорадкой, выраженной интоксикацией и кровоизлияниями на коже и внутренних органах. Впервые выявлено в 1944 году в Крыму. Возбудитель выявлен в 1945 году. В 1956 году в Конго было выявлено схожее заболевание. Исследования этого вируса установили его полную идентичность с вирусом, обнаруженным в Крыму. Природный резервуар возбудителя — грызуны, крупный и мелкий рогатый скот, птицы, дикие виды млекопитающих, также сами клещи, способные передавать вирус потомству через яйца и являющиеся вирусоносителями пожизненно. Источник возбудителя — больной человек или инфицированное животное. Вирус передаётся при укусе клеща либо проведении медицинских процедур, связанных с инъекциями или забором крови. Основные переносчики - клещи Hyalommamarginatum, Dermacentormarginatus, Ixodesricinus.

Клиническая картина: Инкубационный период от одного до 14 дней. Чаще 2-9 дней. Продромальный период отсутствует. Болезнь развивается остро. На первой стадии резко, за короткое время повышается температура до 39-40 градусов по Цельсию и выше, начинается головная боль, озноб, иногда очень сильный, покраснение лица, слизистых оболочек. Возникают признаки общей интоксикации организма (сильная слабость, боли в мышцах, суставах, тошнота, рвота). Через 2-4 дня начинается вторая, геморрагическая стадия заболевания. Состояние больного резко ухудшается. Появляются кровоизлияния на коже и слизистых оболочках в виде сыпи, пятен, гематом. Наблюдается повышенная кровоточивость дёсен, мест инъекций. Возможны носовые, маточные кровотечения. Начинаются боли в животе, печени, понос, рвота, возможна желтуха, олигурия. Заболевание длится 10-12 дней, но больные остаются сильно истощёнными еще на протяжении 1-2 месяцев. Иногда вторая стадия менее выражена, и заболевание остаётся не выявленным, так как начальные симптомы сходны с таковыми при острых респираторных инфекциях. Как осложнения могут наблюдаться сепсис, отёк легкого, очаговая пневмония, острая почечная недостаточность, отит, тромбофлебиты.

Лечение: Больных обязательно изолируют в инфекционном отделении стационара. Лечение симптоматическое и этиотропное. Назначают противовоспалительные препараты, мочегонные. Исключают применение препаратов, усиливающих поражение почек, например сульфаниламидов. Также назначают противовирусные препараты (рибавирин). В первые 3 дня вводят гетерогенный специфический лошадиный иммуноглобулин, иммунную сыворотку, плазму или специфический иммуноглобулин, полученные из сыворотки крови переболевших или привитых лиц. Специфический иммуноглобулин используется для экстренной профилактики у лиц, соприкасающихся с кровью больного.

Иммунитет: Естественная восприимчивость к вирусу у человека высокая. После выздоровления остаётся иммунитет, который сохраняется 1-2 года.

Для предотвращения заражения основные усилия направляют на борьбу с переносчиком заболевания. Проводят дезинсекцию помещений для содержания скота, предотвращают выпас на пастбищах, находящихся на территории природного очага. Людям в индивидуальном порядке следует использовать защитную одежду. Обрабатывать одежду, спальные мешки и палатки репеллентами. При укусах клеща в зоне обитания немедленно обратиться в медицинское учреждение за помощью. В лечебных учреждениях следует учитывать высокую контагиозность вируса, а также его высокую концентрацию в крови больных. Поэтому больных необходимо помещать в отдельный бокс, а обслуживание доверять только специально обученному персоналу.

**Буландынское районное управление санитарно-эпидемиологического контроля.**

## Өрт қауіпті кезеңінде тыйым салынатын әрекеттер және өрт қауіпсіздігін сақтау тәртібі

Өрт қауіпті кезеңде табиғи өрттердің алдын алу мақсатында бірқатар қатаң тыйымдар енгізіледі. Бұл талаптарды сақтау – әрбір азаматтың міндеті, өйткені бір ғана ұқыпсыз әрекет үлкен апатқа әкелуі мүмкін.

Өрт қауіпті кезеңінде тыйым салынады:

* Орман және дала алқаптарында от жағуға;
* Құрғақ шөпті, қоқысты және қалдықтарды өртеуге;
* Сөндірілмеген темекі тұқылын, сіріңкені жерге тастауға;
* Желді ауа райында кез келген ашық отты пайдалануға;
* Балалардың отпен ойнауына жол беруге;
* Жанғыш және тез тұтанатын сұйықтықтарды бақылаусыз қолдануға;
* Мангал, ошақ сияқты құрылғыларды қауіпсіздік талаптарын сақтамай пайдалануға;
* Шаруашылық аумақтарында өрт қауіпсіздігі талаптарын елемеуге.

Өрт қауіпсіздігін сақтау үшін:

* Аула мен үй маңын құрғақ шөптен, қоқыстан тұрақты түрде тазарту;
* Электр сымдары мен құралдарының жарамдылығын тексеру;
* Пештер мен жылыту құрылғыларын дұрыс пайдалану;
* Өрт сөндіру құралдарын (су, құм, өрт сөндіргіш) дайын күйде ұстау;
* От жағылған жағдайда оны толық сөндіріп кету;
* Балаларға өрт қауіпсіздігі ережелерін түсіндіру;
* Қауіпті жағдай туындағанда дереу 101 немесе 112 нөміріне хабарлау.

* * *

## Су айдындарындағы қауіпсіздік: қарапайым ережелер – өмір кепілі

Жаз мезгілінде халықтың басым бөлігі өзен-көл жағасына демалуға барып, суға шомылуды жөн көреді. Алайда су айдындарындағы қауіпсіздік талаптарын сақтамау көптеген қайғылы оқиғаларға әкеліп жатады. Әсіресе рұқсат етілмеген орындарда шомылу – үлкен қауіп.

Суға түсу кезінде ең жиі кездесетін қауіптер – су түбінің белгісіз болуы, тереңдіктің күрт өзгеруі, су ағысының қаттылығы, сондай-ақ мас күйінде суға түсу. Мұндай жағдайлар адамның өміріне тікелей қауіп төндіреді.

Қауіпсіздік мақсатында келесі ережелерді сақтау қажет:

* Тек арнайы белгіленген және құтқарушылар кезекшілік ететін жағажайларда шомылу;
* Белгісіз, тексерілмеген жерлерде суға түспеу;
* Мас күйінде немесе шаршаған кезде суға түспеу;
* Балаларды ересектердің қадағалауынсыз қалдырмау;
* Қайық, катамаран сияқты жүзу құралдарын пайдаланғанда құтқару кеудешесін кию;
* Су ішінде бір-бірін итеру, батыру сияқты қауіпті ойындарға жол бермеу;
* Суық суға кенеттен секірмеу, алдымен денені үйрету керек.

* * *

## Балалардың терезеден құлауын болдырмау – ата-ананың жауапкершілігі

Соңғы жылдары балалардың терезеден құлап кету оқиғалары жиілеп отыр. Мұндай қайғылы жағдайлар көбіне көпқабатты тұрғын үйлерде орын алады және оның басты себебі – балаларды қараусыз қалдыру.

Кішкентай балалар өте белсенді әрі айналаны танып-білуге құмар келеді. Олар терезе маңындағы жиһаздарға шығып, сыртқа қарауға тырысады. Өкінішке қарай, ата-аналар москиттік торға сеніп жатады. Алайда мұндай торлар тек жәндіктерден қорғауға арналған және баланың салмағын көтере алмайды.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін:

* Терезелерге арнайы қорғаныс құрылғыларын (блокира-торлар, шектеуіштер) орнату;
* Терезе маңына диван, үстел, орындық сияқты жиһаздарды қоймау;
* Балаларды жалғыз қалдырмау, әсіресе терезе ашық кезде;
* Балаларға терезенің қауіпті екенін түсіндіру;
* Терезені желдету кезінде жоғары жағынан ғана ашу;
* Москиттік торға сенбеу.

**Бұланды аудандық төтенше жағдайлар бөлімі.**